

Жария сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Созак ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 285 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17 бабының 1-1 тармақшасына және 69, 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" № 148 Заңының 31, 37 баптарына және "Казахстан Фортескью" ЖШС-ның E-Otinish порталы арқылы жазған 11 қараша 2024 жылғы 3T-2024-05920606 санды өтінішіне сәйкес, Созак ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Казахстан Фортескью" жауапкершілігі шектеулі серікtestігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін Созак ауданы "Мойынқұм" кен орны Шу ауылдық округінің аумағынан алаңы 4149 гектар жер участкеіне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер участкелерін алып қоймадан 2030 жылғы 24 қыркүйегіне дейінгі мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. "Казахстан Фортескью" жауапкершілігі шектеулі серікtestігіне пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық барлау жұмыстарын мерзімдері мен орны, жерді рекультивациялау бойынша міндеттер және өзге де шарттарды айқындау үшін "Созак ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесімен және жер участкелерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылармен келісім шарттар жасасу қажеттілігі ескертілсін.

3. "Түркістан облысы Созак ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппе:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына А.Сатыбалдыға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК